



“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫСТЫ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ГРАНТ БЕРУ АРҚЫЛЫ ЫНТАЛАНДЫРУ КЕРЕК. БҰЛ РЕТТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ ГРАНТ БЕРУШІЛЕР АРАСЫНДА ТҰРАҚТЫ СЕРІКТЕСТІК ОРНАТЫП, ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОНОРЛАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН НӘТИЖЕЛІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ. МАҒАН ЕРІКТІЛЕР МЕН ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАРДЫҢ «КЕҢ АУҚЫМДА ОЙЛА, СОҒАН САЙ ӘРЕКЕТ ЕТ» ДЕГЕН ҚАҒИДАҒА СҮЙЕНІП ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІ ҰНАЙДЫ.



ЕРІКТІНІҢ ҚОҒАМДА ОРНЫ ЕРЕК

Астана қаласында еріктілер мен еріктілер ұйымдары үшін ең ауқымды жиын – Халықаралық волонтерлер форумы өтті. Бұл форумға әлемнің 34 мемлекетінен 140 халықаралық ұйым өкілдері мен шетелдік қатысушылар жиналды. Халықаралық волонтерлер форумына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Президент өз сөзінде мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды екенін атап өтіп, еріктілер қоғамда айрықша рөл атқаратынын айтты.

2

IT-AIEL ІРІКТЕУ ӨТКІЗЕДІ

Astana Hub ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп, IT саласында жұмыс істегісі келетін әйелдер арасында іріктеу өткізуде.

18 жастан асқан жұмысқа орналаспаған әйелдер IT-Aiel бағдарламасына қатысуға өтініш бере алады және No Code School, Freelance School, сондай-ақ негізгі компьютерлік сауаттылық курстарын оқи алады. Қатысушылар жаңа істі игеруге 1 тамызда онлайн форматта қазақ және орыс тілдерінде кірісе алады. Бағдарламада қызықты вебинарлар, воркшоптар, тікелей эфирлер, Q&A-сессиялары және т.б. бар.

Бағдарламаға қатысу үшін мына сайт арқылы өтіп өтініш берілуі керек: <https://education.astanahub.com/itaiel>, одан кейін дайындық курсы, цифрлық сауаттылық деңгейін анықтау

тестінен өтіп, оқу кестесі жарияланатын жалпы чатқа қосылады. Оқыту қорытындысы бойынша жобаның түлектері оқуды аяқтағанын растайтын электрондық сертификат алады. Бағдарламаның үздік 100 қатысушысы курстың соңында салтанатты түрде марапаттауға шақыру алады.

Өтінімдерді қабылдау 15 шілдеге дейін жалғасады, ал қосымша ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://education.astanahub.com/itaiel>. Қосымша сұрақтар бойынша төмендегі электронды поштаға жазуға болады: edu@astanahub.com, сондай-ақ бірыңғай нөмір: 2222.

ПОЛИЦИЯ – ҚОРҒАУШЫҢ!

Ертең – Қазақстан полициясы күні. Полиция қызметкері – бейбіт күнде елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәртебелі мамандық иесі. Еліміздің түкпір-түкпірінде қоғамдық тәртіпті қадағалап, азаматтардың құқығын қорғайтын полиция қызметінің ең басты міндеті – халықтың қорғаны болу.

5



«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының 10 жылдығына орай конкурстың қалалық кезеңіне қатысу үшін өтінім беру 1 шілдеге дейін ұзартылды. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қажетті құжаттармен қоса (pdf форматында) merelyi.otbasy2023@mail.ru электронды поштаға жіберу қажет. Сондай-ақ толық ақпаратты мына телефондар арқылы білуге болады: 8 7172 55 67 08, 8 7172 55 67 01.

ҚАЗАҚСТАН – ГЕРМАНИЯ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізді.



Келіссөзге дейін «Ақорда» резиденциясында ресми қарсы алу рәсімі болды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франк-Вальтер Штайнмайер бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Германияның мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан кейін екі ел басшылары Шығыс залында келіссөз жүргізді.

Президенттер қазақ-герман стратегиялық серіктестігінің жақсүйткен даму перспективаларын талқылады. Саяси диалогты нығайтуға, сауда, экономика, инвестиция, энергетика, көлік және логистика салаларындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту аясында өзара іс-әрекетті жандандыру, мұнай және газ, жасыл энергетика, өнеркәсіп салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту маңызды екені атап өтілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франк-Вальтер Штайнмайер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздер достық рухында өтті және конструктивті әрі мазмұнды болды. Екіжақты экономикалық күн тәртібінің бірқатар бағыты бойынша ынтымақтастықты арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары келіссөздерді екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткен екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франк-Вальтер Штайнмайер бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде шақыруын қабыл алып, Қазақстанға арнайы сапармен келгені үшін Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайерге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ бүгінгі келіссөздерде екіжақты байланыстарды нығайту жолдары талқыланып, өзекті халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасқанын атап өтті.

– Биыл Қазақстан мен Германия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 31 жыл толды. Осы уақыт ішінде жоғары деңгейдегі

саяси диалог қалыптасты. Өзара тиімді сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамуда. Мәдени-гуманитарлық байланыстардың аясы кеңейді. Серіктестікті жандандыру үшін әлеуетіміз мол екенін атап өткім келеді. Атап айтқанда, Маңғыстаудағы жасыл сутегін өндіруге арналған бірлескен жобаның маңызы зор. Немістің озық технологиясы мен тәжірибесі негізінде кәсіби мамандар дайындау қажет. Осы ретте Ақтауда Қазақ-неміс инженеринг институты ашылады. Бұл жобалар екі елдің студенттері мен мамандары арасында тәжірибе алмасуға жол ашады. Экономиканы, өндіріс саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі елдің қарым-қатынасын нығайтуда мәдени-гуманитарлық байланыс саласы маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Елімізде неміс ұлтының 226 мың өкілі өмір сүреді. Олар Қазақстанды өркендетуге елеулі үлес қосып келеді. Германияда 1 миллионнан астам бұрынғы отандастарымыз тұрады. Бұл – халықтарымыз арасындағы достықты нығайта түсетін «алтын көпір». Біз осы саладағы ықпалдастықты тереңдетуге ниеттіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – Германияның Орталық Азиядағы негізгі экономикалық әріптесі. Германияның Орталық Азия елдерімен алыс-берісінің 83 пайызы біздің елге тиесілі. Былтыр екіжақты сауда-саттық шамамен 10 миллиард доллар болды. Қазақстан Германияның басты 50 экономикалық серіктесінің қатарына кіреді. Сондай-ақ осы елді мұнаймен қамтамасыз етіп отырған негізгі төрт мемлекеттің бірі саналады.

Бұдан бөлек, Президент «Технологияларды шикізатқа алмастыру» формуласына негізделген қатынас екі тарап үшін де нәтижелі болады деп санайтынын мәлімдеді.

– Қазақстан Германия экономикасын энергиямен және қажетті шикізатпен тұрақты қамтамасыз ете алады. Бұл қазіргі күрделі геосаяси және геэкономикалық кезеңде аса маңызды. Германия тарапының өтініші бойынша Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытына Қазақстан мұнайын жөнелту – соның нақты мысалы. Жоспарланған шараларды

тиімді жүзеге асыру үшін Штайнмайер мырзамен талқыланып бірнеше мәселені шешу қажет. Соның бірі – көлік-логистика байланысын күшейту. Бүгінде «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызы артып келеді. Біз мұны кездесу барысында ерекше атап өттік. Орта дәліздің негізгі бөлігі Маңғыстау облысы арқылы өтеді. Штайнмайер мырза Батыс елдері басшыларының ішінде осы өңірге бірінші болып барғалы отыр. Біз көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту қажеттігіне баса назар аудардық. Бұл саланың келешегі зор. Қазір Еуропа Одағында «Global Gateway» стратегиясы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында қолға алынған бастамаларға Қазақстан жобаларын енгізу мәселесін талқыладық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша ондаған екіжақты құжатқа қол қойылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен бірге Қазақстан – Германия бизнес форумына қатысты.

Президент форумда сөйлеген сөзінде өзінің мемлекеттік сапары аясында жетекші неміс компанияларының басшыларын ала келген Франк-Вальтер Штайнмайерге алғыс айтып, Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы ең басты экономикалық серіктесі екенін атап өтті.

– Бүгінде Германия компаниялары біздің экономикамызға шамамен 6 миллиард доллар инвестиция құйды. Бұл инвестицияның шамамен 90 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі екенін айта кеткен жөн. Елімізде неміс капиталының үлесі бар 1000-нан астам компания белсенді жұмыс істеп жатыр. Олардың көпшілігі – әлемге әйгілі брендтер, ал басқалары – орта деңгейдегі отбасылық бизнес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент көлік және логистика салаларында өзара тиімді ынтымақтастық үшін мүмкіндік мол екеніне назар аударды.

– Қазақстан Еуразияның жүрегінде орналасқан. Мұның стратегиялық мәні зор. Қытай мен Еуропа арасындағы барлық құрлықтық жүк тасымалының 80 пайызы біздің еліміздің аумағы арқылы өтеді. Қазіргі жаңа геосаяси жағдайда «Орта дәліздің» маңызы арта түсті. Бұл – Орталық және Шығыс Азиядан Еуропаға жүк тасымалдаудың ең қысқа әрі тұрақты бағыты. 2022 жылдан бастап Каспий дәлізі арқылы Еуропалық Одаққа мүше елдерге тасымалданатын жүк көлемі екі есе артты. Шығыс пен Батыс арасындағы ұлғайып келе жатқан сауда көлеміне қолдау көрсету үшін біз инфрақұрылымды жаңарту және кедергілерді жою жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біз қазақстандық порттардың өткізу мүмкіндігін 30 миллион тоннаға дейін арттыруды көздеп отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.



ЕРІКТІНІҢ ҚОҒАМДА ОРНЫ ЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды, біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті, яғни 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт-офистер ашылды. Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qazvolunteer.kz платформасы жасалды. Яғни, бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген адам еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Шын мәнінде, бұл – зор мүмкіндік. Сондай-ақ біздің волонтерлер Иордания, Кения, Таиланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады. Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдеріне алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент волонтер болу, ең алдымен, патриотизмнің, яғни отаншылдықтың жарқын көрінісі деп санайды. Бұл – адамгершілік құндылықтарын бәрінен жоғары қоятын жандардың өмір салты.

– Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жанашырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөліскен. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратынын атап өтіп, барлық еріктілерді Адал азамат деуге болатынын айтты.

– Маған еріктілер мен қайырымды жандардың «кең ауқымда ойла, соған сай әрекет ет» деген қағидаға сүйеніп жұмыс істейтіні ұнайды. Шын мәнінде, ертеңгі жарқын болашаққа жету үшін біз бүгін батыл қадамдар жасауымыз керек. Бұл ұстаным экологиялық мәдениет пен саналы тұтыну дәстүрін қалыптастыру үшін өте өзекті. Ол үшін адамдардың сана-сезімі мен дүниетанымын өзгерту керек. Тек сонда ғана реформалардың нәтижесі тұрақты әрі мәңгілік сипатқа ие болады. Тұлғаның жеке үлгі көрсетуі және «тең – теңімен» қағидатын ұстануы волонтерліктің негізгі қозғаушы күші деп санаймын. Идеяларды белсенді түрде тарату және қайырымдылықты насихаттау қоғам дамуының жауапты азамат және патриотизм ұғымдарына

негізделген жаңа парадигмаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы себепті елімізде волонтерлік қозғалыстың дамуын ілгерілету үшін барынша жағдай жасалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда 2021-2023 жылдарға арналған Волонтерлікті дамыту жол картасы аясында бірқатар жоба табысты іске асырылды. Мемлекет басшысы қоғамда еріктілік мен қайырымдылық дәстүрін нығайту үшін бірнеше кешенді шара қабылдауды ұсынды.

– Осы саладағы стратегиялық бағыттарды нақты көрсететін жаңа Жол картасын әзірлеу керек. Аталған құжат волонтерлік қозғалысқа тың серпін беріп, оның таяу жылдардағы дамуының басты бағыттарын айқындауға тиіс. Екіншіден, еріктілік мен қайырымдылық ісін есепке алатын жүйені кезең-кезеңімен енгізу қажет. Бұл бастама волонтерлік қозғалысты ынталандыру үшін заңнамалық деңгейде тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, волонтерлік қозғалысты ұзақмерзімді грант беру арқылы ынталандыру керек. Бұл ретте мемлекеттік және жекеменшік грант берушілер арасында тұрақты серіктестік орнатып, отандық және халықаралық донорлардың бір-бірімен нәтижелі ынтымақтастығын қалыптастыру маңызды. Төртіншіден, волонтерлік және қайырымдылық істерді институттық тұрғыда қолдау инфрақұрылымын дәйекті түрде дамытқан жөн. Ол үшін волонтерлердің ұлттық және аймақтық деңгейдегі фронт-офисінің ұйымдастырушылық, техникалық және кадрлық әлеуетін күшейту қажет. Бесіншіден, волонтерлік қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және ілгерілетуге ерекше назар аудару қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөзінің соңында Президент аталған форум бұл бағыттағы ортақ жұмыс өзекті әрі өте қажет екенін және еліміздегі волонтерлік қозғалысты дамытуға тың серпін беретінін атап өтті.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің форум қатысушыларына үндеуін ұйымның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори оқып берді. Сондай-ақ жиында БҰҰ Еріктілер бағдарламасының атқарушы үйлестірушісі Тойли Курбанов, БАӘ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің бас директоры Афра Мұхаммед Әл Сабри, Түркияның белгілі мәдениет қайраткері Халук Левент және басқа да спикерлер сөз сөyledi.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Францияда ерекше көрме басталды. Мұндағы өнімдер жасанды интеллектке негізделген.

Мәселен, JERA деп аталған құрылғы санаулы сәтте музыка жазып шығады. Құдды бір адам сияқты. Бұл көрмеден, кісі емдеуден бастап, ғарыш кемелерін ұшыруға арналған озық технологияның да алуан түрін көруге болады. Бұл – әлемдегі ең ірі инновациялар көрмесі. Оған 10 мың стартап тартылған. Былтыр бұл жасанды интеллекттің әр 15-стартап қолданса, биыл оны әрбір үшінші жаңа жоба қажетіне жаратып отыр.



Ұлыбританияда қатерлі ісікті бірнеше минутта анықтайтын әдіс табылды.

Ғалымдар адамның тыныс алуына қарап, белгілері білінбейтін ертең кезеңде ауруды анықтайтын сараптама шығарды. Дәлдігі – 90%. Бұл іс-тәжірибе ең алдымен, ішек, өңеш, асқазан және ұйқы безіндегі қатерлі ісікті анықтауға арналған. Лондон Империялық колледжінің ғалымдар тобы бірнеше жыл бойы жүздеген адамның қатысуымен клиникалық сынақтар өткізді.



«Титаникті» тамашалауға шыққан туристер жоғалып кетті.

Атлант мұхитының түбінде жатқан кемеңіз қаңқасын көру үшін түскен суасты аппараты бір күннен бері табылмай жатыр. АҚШ пен Канада құтқарушылары саяхатшыларды шұғыл іздеуге кірісті. 110 жыл бұрын батып кеткен Титаник кемесі Атлант мұхитының түбінде, 3800 метр тереңдікте жатыр. Оны тамашалау үшін туристерге арнайы тур ұйымдастырылады. Өткен аптада «Титаникті» көруге шыққан туристер жоғалып кетті.



ӘКІМ ДЕПУТАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордамыздың өзекті мәселелерін бірлесіп шешу үшін депутаттық корпуспен кездесті.

Басқосуда тұрғын үй алаптарын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарттарын сапалы орындау, ескі тұрғын үйлерді бұзу, есірткі құралдары мен олардың аналогтарын анықтау

үшін қалаға қажетті құрал-жабдықтар сатып алу, қоғамдық дәретханалардың жұмысы және тағы басқа мәселелер талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Көптеген мәселелерді іске асыру үшін бір мандатты округ бойынша сайланған мәслихат депутаттарына нақты тапсырмалар бекітілді. Депутаттардың жол карталары бойынша мәселелер айғақталып, 5 жыл ішінде орындалатын болады. Енді мәслихат депутаттары қала әкімінің елорда тұрғындарымен кездесулеріне белсенді түрде қатысады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР САЙЫСЫ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен Мемлекеттік қызметшілер күніне орай «Qazaqwa Quiz» интеллектуалды сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты – қазақтың тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ғылымы, өнері, әдеби мұраларын насихаттау, ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын арттыру, сондай-ақ ана тілімізді, білім культін мамандар арасында кең насихаттау, зияткер орта қалыптастыруға үлес қосу, қызметкерлердің танымын арттыруға, ізденуге, алған ақпаратты қысқа уақыт ішінде сараптан өткізуге, қисынды ойлауға баулу.

Шарада министрліктер, комитеттерден, қалалық және аудандық әкімдіктер, басқармалар мен департамент өкілдерінен құралған 13 команда бақ сынасты. Ойын шарты бойынша жас жағынан, лауазым жағынан шектеу болған жоқ.

Қатысушылар мемлекет тарихы, тәуелсіз Қазақстан, қазақ тарихына, тілге, дәстүрге, ұлтқа, әдебиет, мәдениет жайлы деректер, шығармалар оқып, дайындалды.

Төрт сағатқа созылған сайыстың нәтижесінде ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мамандарынан құралған «Бес бәйтерек» командасы I орынды, Астана қаласының Мәдениет басқарма-



сына қарасты «Nomad city hall» МКҚК командасы II орынды, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрама командасы III орынды иеленді.

Байқау қатысушылары мен жеңімпаздар Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының атынан арнайы сыйлықтармен, диплом және алғыс хаттармен марапатталды.

FILARMONIA FEST-2023 ӨТЕДІ

Елорданың 25 жылдығын мерекелеу аясында Астана әкімдігі мен Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония FILARMONIA FEST-2023 фестивалін ұйымдастырады. Іс-шара 24 маусым күні өтеді.

FILARMONIA FEST-2023 жобасы қазақстандық музыкалық мәдениетті танымал ету, отандық өнердің гуманистік және рухани бағдары арқылы халықтың әртүрлі топтарын тәрбиелеу және көркем шығармашылыққа баулу мақсатында өткізіледі. Ауқымды музыка мерекесі қоғамда мерекелік атмосфера мен жағымды көңіл-күй қалыптастыруға, филармонияның

шығармашылық ұжымдарының туындыларын танымал етіп, жеке брендті қалыптастыруға, отбасылық құндылықтарды дамытуға, өскелең ұрпақтың адамгершілік және көркемдік бағдарларын қалыптастыру үшін бағытталған.

Жобаға филармонияның шығармашылық ұжымдары мен солистері (500-ге жуық әртіс) қатысады. Бала-

лардың шығармашылық және білім беру студияларымен, цирк әртістерімен және т.б. ынтымақтастық жоспарланып отыр. 24 маусым күні сағат 11.00-ден 21.30-ға дейін Кенесары көшесі, 32 мекенжайындағы филармония ғимаратының алдындағы алаңнан Есіл өзенінің жағалауына дейін түрлі іс-шаралар өтеді.

Робот полицейлер Сингапур әуежайын патрульдеп жүр.

Бойы 210 см асатын және айналасын 360 градусты барлап, анық көре алатын роботтар кез келген заңбұзушыны арам ойынан айнытуы мүмкін. Олар алдағы жылдары офицерлерге көмектесу үшін қала-мемлекеттің көшелерін патрульдейді деп жоспарланып отыр. Сәуір айынан бері әуежайда патрульдік қызмет атқарған роботтар полицияның жергілікті жердегі «көзі мен құлағына» айналған. Бір жағдай болғанда роботтар сол жерді қоршап, полицияның келуін күтеді.



Еуропада күн ысып жатыр. Бұл – БҰҰ-ның арнайы баяндамасында жарияланған мәлімет.

Соңғы жылдары Кәрі құрлықта ауа температурасы 2,3 градусқа көтерілген. Бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен 2 есе артық. Бүкіл Еуропа аймағында мұздықтар еріп, қуаңшылық пен орман өрттері жиілеп кетті. Мұндай жағдай одан әрі жалғаса береді дейді ғалымдар. Дегенмен, оң нәтижелер де бар. Еуропаның көптеген елінде ауаға шығаратын көмірқышқыл газ мөлшері азайған. Соңғы 30 жылда бұл көрсеткіш 31%-ке қысқарды.

КӨШЕ-ЖОЛ ЖЕЛІСІ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі мүшелері кезекті отырыстың жоспарына сәйкес көше-жол желісі нысандарын аралады. Бұл «Қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту, көше-жол желісін және тұрақ инфрақұрылымын дамыту жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» мәселеге дайындық бойынша ұйымдастырылды.



Соның барысында Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысы орынбасарының ақпараты тыңдалып, көше желісі нысандарындағы жұмыстардың орындалу мерзімі және қаражатпен қамтылуы туралы мәлімет айтылды. Кеңес мүшелері тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауаптар берілді. Нысандарды аралау кезінде Мемлекет басшысы көтерген Астанадағы автотұрақ мәселесі де сөз болып, ол бойынша нақты қадамдар жасалып жатқаны мәлім болды. Елорда тұрғын-

дарын алаңдатып отырған Тәуелсіздік даңғылындағы Есіл өзенімен өтетін көпірдің жыл соңына дейін берілетіні айтылды, оның нақты іске асатынына жоба жетекшісі сендірді. Қоғамдық кеңес мүшелері күні-түні тыным таппай жұмыс істеп тұрған техниканы да тізгіндеп көрді. Келесі кеңес отырысы 27 маусымда өтеді, кеңес мүшелері сол кезде қаралатын мәселелердің жұмыс барысындағы шешілу жағын бағамдап, алдағы жиында айтылған ұсыныстарын нақтылады.

ЖАРНАМАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР ӨЗГЕРТІЛДІ

Астанада қаланың дизайн-кодына сәйкес келмейтін 870 жарнамалық элемент өзгертілді. Жалпы елордада 2019 жылы бекітілген елорданың дизайн-кодына сәйкес сыртқы жарнама мен маңдайшаларды ретке келтіру бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр.

Мұндай заң бұзушылықтарды жою үшін шағын және орта бизнес иелеріне сыртқы жарнаманы сәйкестендіру туралы хабарламалар таратылады. Елорданың урбанистика орталығы мұндай сыртқы жарнама қаланың көркінін бұзып, келбетіне нұқсан келтіреді. Мысалы, «Көркем» тұрғын үй кешенінде көптеген кәсіпкер өздерінің қарасты ғимараттардың қасбетін ретке келтіруді жөн санайды. Олар дизайн кодқа сәйкес келмейтін жар-

намалар қаланың жалпы көрінісі мен үйдің көрінісін бұзады деп санайды. Астана қаласының урбанистика орталығы маңдайшалар бойынша 130 эскиздік ұсыныс әзірледі, сыртқы жарнама бойынша 40-тан астам сауал пысықталды. Мақсат – сыртқы жарнамаларды ретке келтіру, біртұтас және тартымды ортаны құру, сонымен қатар визуалды шуды жою. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданында жүргізіледі.



ТЕГІН АВТОТҰРАҚТАР АШЫЛА МА?

Астана қаласының автотұрақ кеңістігінде ақысыз автотұрақтар ашылуы мүмкін.

«Елордада автокөлік иелеріне балама болу үшін ақысыз автотұрақ ашу мәселесі қалалық мәслихатта қаралды. Депутаттар бұл мәселені тиімділігін жан-жақты талқылады. Талқылау нәтижесі мен ұсыныстарды тиісті органдарға жолдаймыз» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Осы мәселе биыл көктемде Үкіметтің экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия отырысында

қаралған болатын. Премьер-министрге «Астана қаласының ақылы автотұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы туралы ақпарат беріліп, талқылау өткізілген. Талқылау қорытындысы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға аталған келісімшартты республика заңнамасының нормаларын сақтау, оның ішінде монополияға қарсы реттеу тұрғысынан талдау тапсырылған болатын.

«EXPO-2017» – ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН ЖЕҢІСІ

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Ауқымды іс-шара Астана қаласында 2017 жылдың 10 маусымынан бастап 10 қыркүйегіне дейін «Болашақ энергиясы» тақырыбымен өтті. Оған 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйымнан 3 млн адам қатысты. Қазақстан посткеңестік кеңістікте өз аумағында кең ауқымды көрме өткізу құқығына ие болған бірінші ел еді. 90 күнде көрмені 178 елден келген 5 млн турист тамашалады. Көрме барысында 3500 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, 33 мың шетелдік әртіс өнер көрсетті. Әлемнің 53 елінің үкімет басшылары мен жетекшілері көрменің құрметті қонағы мен қатысушысы болды, 4500 волонтер жұмыс істеді. Ал ғалымдар бұл көрмеде адамзатқа 153 ғылыми жаңалық ұсынды. Көрме кезінде 9 мыңға жуық полицей тәртіпті қадағалап, 1 мың полиция қызметкері ағылшын тілін меңгерді.

«EXPO-2017» көрмесі орналасқан алаңның аумағы 174 гектарды құрайды. Оның ішінде көрме алаңы – 25 гектар, ал қалған 149 гектарда тұрғын үй ғимараттары мен инфрақұрылым нысандары тұрғызылған. Көрменің барлық нысанын салу үшін 56 мың тонна металл және 500 мың тонна бетон жұмсалды. Көрме кешенінің аумағында барлығы 38 нысан, оның ішінде миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Құрылысқа 322 қазақстандық компания қатысып, 50 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Көрменің негізгі символы – «Нұр әлемі» павильоны – әлемдегі ең ірі шар тәрізді ғимарат. Оның диаметрі – 80 метр, биіктігі 100 метрді құрайды. Шардың беті 2800 шыны панельмен

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең маңызды әрі ел абыройын асқақтатқан айрықша жетістіктің бірі – «EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі. Ол әлемдік саясат сахнасында қазақ елінің еңсесін еселеп, абыройын асырып, беделін биіктетіп қана қоймай, мемлекетіміздің мығымдығы мен ұлтымыздың ұлылығын төрткүл дүниеге паш етті.

қапталған. Жалпы ауданы 22 мың шаршы метр ғимаратты тұрғызу үшін 13 мың тонна металл қажет болды.

Ғимараттың алғашқы қабаты Қазақстанның тарихы, мәдениеті, дәстүрі, көрікті жерлері мен еліміздің соңғы жетістіктеріне арналды. Павильон «Қазақстанмен танысу» және «Жасампаздық энергиясы» атты екі басты тақырыпты қамтыса, 2-8-қабаттары «Болашақтың музейі» іспеттес. Мұндағы сандық, мультимедиялық және интерактивті технологиялардың көмегімен жасалған әрбір қабат түрлі энергияның мүмкіндігін таныстырады. Мәселен, 2-қабатта су энергиясын өндіретін құрылғылар, келесі қабатта кинетикалық энергияның тарихи жәдігерлері сақталған. Ал биомассаға арналған 4-қабатта жайқалған жасыл желектің ішіндегі аң-құс, 5-қабатта жел қуатын көрнекі түрде көрсететін ауа фонтаны болды. Одан әрі күн жүйесінің қалай пайда болатынын байқап, күн сәулесінен қуат алатын көлікке отырып, жарысқа қатыса аласыз. 7-қабатта ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлердің киімі мен кемесін көресіз. Соңғы 8-қабат «Астана – болашақтың қаласы 2050» деп аталады. Алып экраннан қала құрылысының қарыштап дамуын бейнелейтін фильм көрсетіледі. Көрме келушілерінің көпшілігін шар

тәрізді ғимараттың биіктігіндегі шыны көпір қызықтырды.

Қысқасы, күллі адамзатты алаңдатып отырған мәселені дөп басып, жаһандық энергетикалық проблемалардың түйінін шешуге бағытталған халықаралық көрме баламалы энергия көздері саласында адамзаттың үздік жетістігін айшықтаған алаңға айналды.


Көрме аяқталғаннан кейін мұндағы павильондардың жұмысы тоқтап қалған жоқ, керісінше, олар жаңа жобалармен жанданды. Москва-сити (Мәскеу), La Défense (Париж), Canary Wharf (Лондон) және Downtown Core (Сингапур) сияқты әлемнің жетекші іскерлік орталықтарының үлгісі бойынша нысандарды көрмеден кейін пайдалану тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілген болатын. Соның негізінде кешен аумағында серпінді жобаларды іске асыру үшін жаңа инновациялық экожүйе қалыптасты.

Қазіргі кезде EXPO аумағы «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы, «Astana Hub» IT-стартаптар халықаралық технопаркі және Astana IT University сияқты инновациялық жобалар шоғырланған елорданың іскерлік орталығына айналды. Кешен аумағында ойын-сауық индустриясы да орын алды.



«Нұр әлем» павильоны қазір «Болашақ энергиясының» мұражайы ретінде жұмысын жандандыруда. Көрме аяқталғаннан кейінгі кезеңде мұнда 800 мыңнан астам адам келді. Олардың шамамен 15 пайызы ТМД елдерінен, сондай-ақ, Қытай, Германия, Италия, АҚШ және Үндістаннан келген туристер. Ал «Конгресс» орталығы қазір ел мен елорда халқы үшін ең жарқын және маңызды іс-шаралар өтетін орынға айналды. Осылайша, EXPO аумағы бүгінде жұмысын сәтті жалғастыруда.

- 8 «БОЛАШАҚ АСТАНА»
- 7 ҒАРЫШ ЭНЕРГИЯСЫ
- 6 КҮН ЭНЕРГИЯСЫ
- 5 ЖЕЛ ЭНЕРГИЯСЫ
- 4 БИОМАССА ЭНЕРГИЯСЫ
- 3 КИНЕТИКАЛЫҚ ЭНЕРГИЯ
- 2 СУ ЭНЕРГИЯСЫ
- 1 ҚАЗАҚСТАН ПАВИЛЬОНЫ



ТӘУЕЛСІЗДІК САРАЙЫ

Қала тұрғындары мен қонақтарын елорданың заманауи футуристік ғимараттар мен құрылыстардың көптігі таңғалдырады. Осындай ғимараттардың бірі – Тәуелсіздік сарайы, ол өз атауына қарамастан, өзіміз елестететін зәулім сарайға да, классикалық стильдегі сәнді ғимаратқа да мүлдем ұқсамайды.

Айгүл
УАИС

Астана тарихында ең тез салынған құрылыс нысаны ретінде елордалықтардың есінде. Тәуелсіздік сарайының құрылысы 2007 жылы басталып, 2008 жылдың аяғында пайдалануға берілді. Жобаның авторы – түрік сәулетшісі Гюльтекин Линеа, құрылысты жүргізген – Sembol İnşaat түрік құрылыс компаниясы.

Тәуелсіздік сарайы мемлекетіміздің имидждік нысаны

ретінде өз қызметін атқаруда. Мұнда ірі халықаралық кездесулер, форумдар, конференциялар, кездесулер және т.б. өтеді. Үш қабаттан тұратын кешеннің бірінші қабаты ұлттық және қазіргі заман стильдерінің біртума үйлесімімен безендірілген. Мұнда сыйымдылығы 3000 адамға арналған конгресс-зал, рәсімдеу залы, пресс-орталық, сыйымдылығы 678 адамдық сахна мен дыбыс аппаратурымен жабдықталған кең мейрамхана орналасқан. Екін-

ші қабатта өнер, этнография, археология және антропология галереясы орналасқан. Тұрақты және уақытша қойылатын көркемөнер көрмелері бар галереялар мен көрме залдары бар.

Бір қарағанда, қазақ үйінің керегесіндей, ирктеліп ақ тормен айқастырып безендірген трапеция түріндегі әйнектен жасалған ғимарат. 4D кинотеатры, 360 градусты кинотеатры халық игілігіне берілген. Қазір мұнда күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.



ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТІНДЕ

Қазақстан полициясы күні – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болғандарға, ардагерлерге және бүгінде еңбек етіп жүргендерге ризашылық пен алғыс білдіру күні. Сонымен қатар, бұл күні бейбіт уақытта қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз өмірін құрбан еткендерге құрмет көрсетіледі.

Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласы Полиция департаментінің тарихы Қазақстанның жаңа астанасының дамуымен тығыз байланысты. 1997 жылы 10 желтоқсанда елорда Алматыдан Ақмолаға көшірілді. Осыған байланысты

айында Байқоңыр ауданының полиция басқармасы құрылды. Жыл сайын елордалық полиция жұмысы нығайып, жаңа қызметтер құрылып, полиция қызметкерлері көбейіп келеді. Бүгінгі таңда 4 аудандық полиция басқармасы және 3 аудандық полиция бөлімі жұмыс істейді. Департаменттің қызметі 12 бағыт

Елімізде құқық қорғау саласында Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында «Полицияның қазақстандық сервистік моделі» жобасы іске асырылуда. Сервистік модель полицияның халықпен өзара іс-қимылын оңтайландыру, ең алдымен, полиция қызметкерлеріне деген сенімге, әріптестік қағидаттарына негізделеді. Учаскелік полиция инспекторларының мәртебесін арттыру, халықпен жұмыс істеудің сервистік тәсілдерін енгізу бойынша шаралар жолға қойылуда.

Бүгінгі таңда қалада 98 мыңнан астам бейнекамера жұмыс істейді. Жыл сайын елордада камералар санының өсуімен байланысты анықталған және ашылған құқық бұзушылық пен қылмыстар саны да артып келеді. Биыл өткен 4 айда камералардың көмегімен 1026 қылмыс ашылып, 11214 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Полиция «Қорғау» жүйесінде жұмыс істеуге арналған мобильді планшеттермен жабдықталған. Елордалық департаменттің қызметі заманауи цифрлық шешімдерді енгізу жолымен жұмыс процесін бюрократияландыру және оңтайландыру бойынша жетілдірілуде. Соңғы жылдары ақпараттық технологиялармен байланысты қылмыстар тонау және ұрлық ығыстырды.



1997 жылдың 24 желтоқсанында Ішкі істер министрлігі «ҚР ІІМ Ақмола қаласының Ішкі істер басқармасын (ІІБ) құру туралы» бұйрық шығарды. 1998 жылғы 6 мамырда Астана қаласында Сарыарқа және Алматы аудандары құрылған соң, осы аудандардың ішкі істер басқармалары ашылды. 2009 жылдың қаңтарында сол жағалауда ІІМ шешімімен Есіл ауданының, 2018 жылдың шілде

бойынша жүзеге асырылады, атап айтқанда, бұл бағыттарға әкімшілік полиция, криминалдық полиция, кадр саясаты, штаб қызметі, көші-қон қызметі, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, тергеу және анықтау, жергілікті полиция қызметі, күзет қызметі, экстремизмге қарсы іс-қимыл, жедел-криминалдық қызмет, ұйымдасқан қылмысқа қарсы қызмет түрлері жатады.



– Қалалық әкімдік біздің полицейлерге әлеуметтік мәселелерді шешуде үлкен қолдау көрсетеді. Департамент қызметкерлері мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алатын арнайы бағдарламаларға қатысады. Елордалық полицияның даму жылдарында қалыптасқан полиция кадрларын іріктеу, оқыту, тәрбиелеу жүйесі мен қағидаттары елордалық Полиция департаментін одан әрі дамыту мен нығайтуда берік негіз қалады. Қай уақытта да елордалық полицейлерге еліміздің бас қаласында құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ерекше жауапкершілік жүктелген. Ол үшін тәуелсіздік жылдары қалыптасқан қуатты мемлекеттік жүйе құрылды, – дейді департамент бастығы Марат Төлебаев.

Биыл төрт айда, қылмыстардың жалпы санының артуына қарамастан, кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр түрде зиян келтіру, зорлау, бұзақылық, бопсалау, қалта ұрлығы, автокөлік ұрлау саны азайды. Қылмыстың барлық түрінің ашылуы жақсарды. Айта кету керек, соңғы 5 жылда

халық санының тұрақты өсуімен қылмыстар саны 1,5 есе азайды. Егер 2018 жылы 24545 қылмыс тіркелген болса, 2022 жылы 16572 қылмыс анықталды.

Нашақорлық мәселесі ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қауіптің қатарына жатады. Есірткіге қарсы заңнаманы жетілдіруге аса мән беріледі. Соңғы жылдары енгізілген нормалар, ең алдымен, синтетикалық есірткінің жаңа түрлерінің таралуын болдырмауға бағытталған. Олардың айналымына қатысты мемлекеттік бақылау жүйесі жаңғыртылды.

– Айта кету керек, біздің қызметкерлердің көпшілігі қауіпсіздікті, тыныштықты және азаматтарды қорғауды қамтамасыз ету бойынша өз міндетін адал орындайды. Көбіне олар қиын сәтте азаматтарға көмекке бірінші болып келеді, басқаларды құтқару үшін өз басын қатерге тігеді, – дейді департамент басшысы.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін елордада барлық полиция жұмыс схемасы мен режимі қайта қаралды, шет аймақта және іргелес жатқан саяжай алаптарына

да патрульдеу маршруты ұлғайтылды. Құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидатын құру бойынша жұмыс жалғасуда. Жыл басынан бері 232 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталды.

Елорда полицейлерінің басты міндеті – құқық бұзушылықтың алдын алу. Осы мақсатта «Полиция қадамдық қолжетімділікте» қағидатын іске асыру үшін учаскелік полиция пунктін санын көбейту және модульдік посттарды орнату бойынша әкімдікпен бірлескен шаралар қабылданады. Астанада 2022 жылы 5 учаскелік пункт іске қосылды, модульдік үлгідегі 10 стационарлық бекет жұмыс істейді, биыл тағы 3 пункт салу жоспарланған. Мұның бәрі ашықтықты, айқындылықты қамтамасыз ету, адамдардың өтінішіне жедел ден қою үшін жасалады. Мұндай қарым-қатынас елорда тұрғындары мен полицейлер арасында тығыз қарым-қатынас орнатуға, ұсақ құқық бұзушылықтардың және аса ауыр қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.

УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРДЫҢ БІР КҮНІ

Индира БЕРЖАНОВА

Күндізгі ауысымда істейтін қызметкер таңмен таласа оянып, жұмысын сағат 7:30-да бастады. Кезекшілікке түскен ол саптық жиынға қатысты. Жиын барысында полицейлер түгенделіп, олардың қызмет куәлігі, планшети тексерілді. Одан кейін тапсырмалар беріліп, жоғалып кеткен адамдар, іздеуде жүрген қылмыскерлер жайлы бағдарлар, қала, аудан аумағында өткізіліп жатқан жедел алдын алу шаралары туралы айтылды. Міндетті бөліністері айқындалған соң, учаскелік инспектор дереу жұмысына кірісіп кетті.

Сол күнгі жұмыс тірек пункті бойынша түскен арыз-шағымдармен жұмыс істеуден басталды. Полицей қызмет барысында қорғау нұсқамасы, табельдік қару және рация секілді қажетті жабдықтарын бірге алып жүрді. Атырылуы тиіс жұмыстарды бағдарлап жатқан сәтте рация арқылы «102» орталығынан учаскелік аймақ бойынша тапсырма түсті. Сағат 10:30-да А.Байтұрсынов көшесі, 5 мекенжайында ішімдік ішкен екі ер адамның арасында жанжал туындаған екен. Бірі екіншісін пышақпен тіліп те жіберген. Ал орталыққа қоңырау шалған А.Сарсенбаев есімді азамат – сол екі ер адамның бірі. Бөлімшеге келген ол түсініктеме беру барысында мекемеде шу шығарып, тіпті полиция қызметкерлеріне дауыс көтергенін көргенімізде, таңырқағанымыз рас. Ал Қайыржан Назарбеков үшін бұл 24/7 қайталанатын қалыпты жағдай. Ол байып ер адамға жағдайды түсіндіріп, тәртіпке шақырды. Оны алкоголь не психотропты

Қоғамдық тәртіпті сақтауда әрдайым алғы шепте тұратын тыныштық күзетшісі – учаскелік полиция инспекторы. Жұмысы сырттай салмақты, жайбарақат көрінгенімен, түрлі шытырманға толы болады екен. 23 маусым – Қазақстан Республикасының полиция күні қарсаңында құқық қорғау қызметкерінің жұмысымен танысу барысында оған көзіміз жетті. Біз елорданың Алматы ауданы полиция басқармасына қарасты №8 учаскелік полиция пунктінде бардық. Қаланың сол жағалауында орналасқан нысанда бізді учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Қайыржан НАЗАРБЕКОВ қарсы алды.



зат қабылдағанын анықтау үшін қалалық наркология диспансеріне алып келіп, мамандардың медициналық тексерісінен өткізді. Тексерістен өткен соң, түсіндіру жұмысын жүргізді.

«Шақырту әртүрлі болады. Бір күнде оның саны 10-15-ке жетсе, кейде тіпті де болмайды. Алайда айту керек, оның ішінде отбасы жанжалы жиі кездеседі. Осы тұста біз отбасы мүшелеріне қорғау нұсқамаларын береміз. Қызмет барысында есте қалған жайттың бірі осы отбасындағы мәселеге қатысты болды. Аумақтағы әлдебір тұрғын тарапынан отбасы жанжалына байланысты қоңырау түсті. Оқиға орнына жеттік. Ажырасқан ерлі-зайыпты арасында кикілжің туған. Әйеліне,

балаларына ешқандай көмек көрсетпейтін ер адам ештеңе болмағандай түн ортасында келіп, жанжал шығарды. Ол жанұяның сол кісінің кесірінен берекесі кеткенін байқау қиын емес еді. Шын айттайын, мұндайды алғаш көргенде қатты таңғалдым. Бірақ осындай жанжалдар қайталануы берген соң, ол үйреншікті жағдайға айналып кетті» деді полиция лейтенанты.

Түнгі сағат 22:00-де қарбаласы мол учаскелік инспектордың жұмыс күні аяқталды. Сырттай қарағанда еш алаңсыз қызмет болып көрінгенімен, айтқандай жауапкершілігі орасан жұмыстың бірі.

Ішкі істер органдарында Қайыржан Назарбеков 2018



жылдан бастап қызмет етеді. Учаскелік инспектор қызметіне жұмысқа орналасуына бірден-бір себепкер болған – балалары. Ол – үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған үлгілі өке.

– Учаскелік полиция инспекторларының жұмысы өзінің әкімшілік аумағындағы халықпен тығыз байланысты қажет етеді. Күнделікті қызмет қауырт. Инспектор болу үшін ең әуелі шыдам қажет. Одан кейін әртүрлі жағдайда дұрыс шешім қабылдай алу керек. Әрине, жұмыстың қызығы да, қиыншылығы да қатар жүреді. Халыққа қол ұшын созып, сауапты іс жасап, балаларыма үлгі болғым келеді, – дейді ол.

Алматы ауданына қарасты №8 учаскелік полиция пунктін

де 8 қызметкер жұмыс істейді. «Highvill» тұрғын үй кешенінің іргесінде орналасқан пункт қызметкері бұл жердің тұрғындары тәртіп сақтайтынын айтты. Әрине, мұнда да қоғамдық тәртіпті қатаң сақтап, қай істе болмасын қырағылық танытатын учаскелік полиция инспекторларының үлесі бар.

– Көпқабатты үйде қанша пәтер болса, әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын өз тағдыры бар. Негізінен, жағдайлар тұрғын үй аумағындағы қонақ үй, мейрамханаларда, одан бөлек, пәтерді жалға алып тұрушылар тарапынан туады. Бөлімше тұрғын үйдің күзетшілері келіп, көлігін дұрыс қоймаған жүргізушілерге ескертуін сұрайды. Біз көліктің

нөмірі арқылы тұрғындарға хабарласып айтамыз. Учаскелік полицей қатал болатын тұста қатайдық танытып, қажет кезінде кешірімшіл де бола алуы қажет деп есептеймін. Сондықтан да бөлімше қарайтын тұрғынның барлығымен жылы сөйлесіп, барынша сырлас, дос болуға тырысамын. Біз ең бірінші адамбыз, содан кейін ғана маманбыз, – деді Қ.Назарбеков.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен өткен жылы полиция қызметі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделіне көшті. Мұндағы негізгі мақсат – «жұртқа жақын тәртіп сақшысы» түсінігін қалыптастыру. Жыл бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған бастама бүгін өз нәтижесін беріп келеді.

«Сервистік полицияға көшудің ерекшелігі өте көп. Оны біз учаскелік полиция инспекторы ретінде күнде байқап жүрміз. Алдымызға талап қойылған соң, мемлекеттік биліктің өкілі ретінде оны орындаймыз. Жалпы полиция қызметі қоғамдық бірлестіктермен, оның ішінде пәтер иелерінің кооперативі, денсаулық сақтау ұйымдары, мемлекеттік органдармен тығыз қарым-қатынаста, бірлесе жұмыс істейді» деді учаскелік полиция инспекторы Қайыржан Назарбеков.

Жаңа тәсіл негізінде кез келген учаскелік полицей тұрғындардың әлеуметтік желідегі ортақ чатына қосылуға міндетті. Бұл олардың халықпен тығыз байланысына, уақыттылық қолжетімділігіне мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде Астанада 500-ге жуық учаскелік полицей бар. Әрқайсысы шамамен 2500 тұрғыны бар аумаққа жауапты.



ЕРІКТІ БОЛУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Астана қаласында өткен Халықаралық волонтерлер форумына әлемнің 34 мемлекетінен 140 халықаралық ұйым өкілдері мен шетелдік қатысушылар жиналды. Форум аясында волонтерлердің қызметіне қатысты түрлі тақырып 11 панельдік сессия барысында ортаға салынып, талқыланды.

Екі күн қатарынан елордадағы форумда волонтерлік қозғалысты қолдау, өзара тәжірибе алмасу, сонымен қатар, волонтерлердің мәртебесін арттырып, халықаралық ынтымақтастық пен өзара іс-әрекетті нығайту мәселелері кеңінен сөз болды. Халықаралық форум адамгершіліктің асылы – өзгеге және еліне қол ұшын созып, оның тағдыры үшін күресудің мән-мағынасын ашу мақсатында өтті. Алқалы жиында 400-ден астам адам жиылды.

«Халықаралық волонтерлік бастамалар: тәсілдер мен тәжірибелер» атты бірінші сессияда жиына қатысушылар халықаралық волонтерліктің

даму маңызына тоқталып, отандық және ірі шетелдік ұйымдардың өкілдері Қайрат Сарыбай, Дәурен Абаев, Микаэла Фриберг-Стори, Ронни Линдстром, Эмилия Асадова, Катариина Йарви және басқалар сөз сөйледі. Сарапшылар халықаралық волонтерліктің белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. Мәселен, БҰҰ даму бағдарламасымен жұмыс аясында 7 қазақстандық волонтер Иордания, Кения, Таиланд пен Түркиядағы БҰҰ-ның түрлі құрылымдарында жұмыс істеді. Бұл шара біздің елге волонтерлік қызмет саласында әлемдік оң тәжірибені енгізуге мүмкіндік берді. Сессия ашылуында сөз алған ТМД бас хатшысының

орынбасары Дәурен Абаев еріктілер қозғалысы қоғамның әр саласындағы түйткілдерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік институт екенін айтты. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың форум қатысушыларына арнаған хатын сенатор Нұртөре Жүсіп оқып берді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда 2020 жыл «Волонтерлер жылы» деп жарияланды. Мұндай қадам елімізге артылған бағыттың кең қанат жаюына тың серпін береді. Нәтижесінде жаңа жобалар қолға алынып, сәтті іске аса бастады. Бүгінгі форум да соның бір нақты нәтижесі деп айтуға болады. Әрі қарай



даму үшін еріктілердің қызметі зор, – деді ол.

Халықаралық форум аясында төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлердің үлесі тақырыбына айрықша назар аударылды. «Төтенше жағдайлар кезіндегі волонтерлік» сессиясы барысында Қазақстан мен Түркия мемлекеттік органдарының, Еуропа және ТМД елдерінің, шетелдік ұйымдардың өкілдері сөз сөйледі. Форумға қатысқан Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов пандемия және өткен жылғы Қостанай

облысы мен биылғы Абай облысында орын алған алапат өрт кезінде қатерге қарсы күреске жұмылған еріктілердің ерлігін ерекше атады. Министрдің айтуынша, Қостанай облысындағы өрт кезінде мыңнан астам волонтер зардап шеккендерге 1200 тоннаға жуық көмек жинап, алғашқы қажет заттар мен азық-түлігі бар 150 машина жіберген.

Форумның екінші күнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, волонтерлік қозғалысты ұзақмерзімді

грант беру арқылы ынталандыру керектігін айтты. Президент волонтер болу, ең алдымен, патриотизмнің, яғни отаншылдықтың жарқын көрінісі деп санайды.

– Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жанашырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөлген. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Халықаралық форумның екінші күні «Әлеуметтік волонтерлік және инклюзия», «Білім беру және цифрландырудағы волонтерлік бастамалар», «Жедел волонтерлік көмек: денсаулық сақтау саласындағы волонтерлер рөлі» атты сессия отырысы өтіп, оның аясында бірқатар ерікті өз жобасын таныстырды.



Бетті дайындаған **Индира БЕРЖАНОВА**

ХАЛЫҚҚА АДАЛ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні. Биыл елімізде кәсіби мереке оныншы рет аталып өтеді. Айтулы күннің тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастау алады. 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ-ның мемлекеттік қызметшісі күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше әр мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды. Еңбегі терең біліктілікті, үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін маман иелерін мереке қарсаңында сөзге тартып, атқарып жатқан жұмыстары мен мемлекеттік қызмет жайлы ой-пікірін сұрап білдік.



Бибінүр Қожахметова, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті бөлімше басқармасы әкімінің орынбасары

– Елге қызмет ету – бала арманы. Қызметке орналасуға әкемнің әскери салада, анамның мемлекеттік қызметте жұмыс істеуі әсер еткен болар деймін. Мемлекеттік қызметке деген ұмтылысы пен ішкі сенімнің арқасында қызметшілер арасындағы байқаудан оң нәтиже алып, 2022 жылдан бері қызметтемін.

Жас қызметкер ретінде еліміздің гүлденуіне өз үлесімді қосып жүргенімді мақтан тұтамын. Мемлекеттік қызмет – бұл

тұрақтылық және болашаққа деген сенім. Мен өз жолымды дұрыс таңдадым деп нақты айта аламын.



Дархан Отызбаев, Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы сауда және қызмет көрсету саласын дамыту бөлімінің бөлім басшысы

– Әлем елдерінің даму жолында мемлекеттік қызметтің қосар үлес салмағы ерекше екені айдан анық. Адалдық, әділдік, өз жұмысына деген жауапкершілік, азаматтардың сенімін туғызу – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Осы қағидаларды негізге ала отырып,

мен жұмысымды мемлекеттік қызметпен байланыстырамын деп әу бастан-ақ шештім.

2015 жылы «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын әкімшілендіру басқармасы инновациялық және инвестициялық дамыту бөлімінің бас маманы ретінде жұмысқа қабылдандым. Әр жылдары осы басқарманың түрлі бөлімінде қызмет атқардым.

Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағида ны ешуақытта ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын болып, кез келген жағдайда «қара қылды қақ жаратын» әділ болуы қажет. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қоятын, тез әрі дұрыс шешім қабылдай алуы міндетті. Себебі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы тікелей мемлекеттік қызметке байланысты. Нақты айтатын болсақ, ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтатын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты міндет. Өйткені

ол қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Біржан Ұзақбай, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Астана қаласы бойынша департаменті медициналық қызметті сертификаттау және лицензиялау бөлімінің басшысы



– Мен еңбек жолымды квазимемлекеттік секторда – «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында» бастадым. Коммерциялық емес акционерлік қоғамда үш жыл жұмыс істегеннен кейін, менде мемлекеттік қызметкер болу мүмкіндігі туды. Сол кезде мен еліміздің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға үлес қосқым келді. Нәтижесінде 2021 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінде жұмыс істеймін.

Мемлекеттік қызметкер – елдің мүддесі үшін өз күшін, уақытын аямай, еңбек ететін тұлға. Жас қызметкер болсам да, еліміздің алпауыт мемлекеттермен иық теңестіре алуына қызмет етіп жүргеніме, өзімнің тамшыдай болсын үлесімді қосып жүргеніме қуанамын. Мен үшін мемлекеттік қызмет, баға жетпес тәжірибеден бөлек, жеке қасиеттерімді дамытуға,

ең бастысы жақсылық жасауға итермелейді.



Аслан Төрехан, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Астана қаласы бойынша департаменті статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмыс басқармасының бас маманы

– Менің мемлекеттік қызметке келу жолым айтулы кезеңнен, 2021 жылғы «Халық санағынан» басталды. Алғашқы қызметім «Ұлттық санақтарға дайындық және өткізу жөніндегі уәкілі» болды. Одан соң статистика саласымен танысып, мұндағы жұмыстың маңызын түсіндім. 2022 жылы статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен жұмыс басқармасына жетекші маман болып тағайындалып, өз жұмысыма бар күш-жігерімді салдым. Жемісі ұзақ күттірмеді, қазіргі таңда сол басқармада бас маман болып қызмет атқарамын. Бұл арманыма қарай бір қадам жақын болғанымды білдіреді. Дегенмен де үйренуден, өзімді жетілдіруден жалықпаймын. Бұл өзімді басқаларға үлгі ретінде көрсетуге де септігін тигізеді деген сенімдемін. Себебі мемлекеттік қызметкер тек жұмыс орнында ғана емес, сонымен қатар, қоғам арасында да өзін үлгі ретінде көрсетіп, мемлекеттік қызметтің беделін оң жағынан көрсетуі қажет. Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекет пен

халық арасындағы қатынасты байланыстырушы көпір.

Оқу бітірген жастарға мемлекеттік қызметті ұсынар едім. Себебі алар тәжірибесі мол қызмет деп білемін. Жан-жақты дамуға мүмкіндік береді, тәртіпке бағынуға, елдің дамуы үшін еңбек етуге бағыттайды. Әсіресе бүгінде мемлекеттік қызметте жастар үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Сондықтан барша жасты мемлекеттік қызметті таңдауға шақырамын!



Арайлым Кангушекова, Бас диспетчерлік басқармасы ұйымдастыру-кадрлық және құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы

– Мен мемлекеттік қызметте 8 жылға жуық еңбек етіп келемін. Жалпы қоғам үшін сапалы қызмет көрсету – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті. Кез келген мемлекеттің жетістігі мен гүлденуі мемлекеттік қызметшілердің тиімді және кәсіби жұмыс істеп, қызмет етуіне негізделеді. Халықтың сенімі де мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсететініне қарап нығаяды. Күн өткен сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылар талап та, жүктелетін жауапкершіліктің ауқымы да кеңейіп келеді. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңызын сезініп, еліміздің даму жолында өз ізін қалдыруы тиіс деп ойлаймын.



Экономист, халықаралық публицист Бақыт Рүстемовтің бұл еңбегі Қытайдың қазіргі әлемдегі орны мен рөлін зерттеуге, әлемдік қатынастарды, Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды талдауға арналған.

«Ұлы Қытай: кеңістік пен уақытта» кітабында Аспанасти империясының соңғы онжылдықтардағы саясаттағы, экономикадағы, халықаралық (әлемдік) қатынастардағы, ғылымдағы, ғарыш кеңістігін игерудегі қуатты, феноменалды серпілістерінің тарихи жан-жақты қарастырылады. Автор оған көптеген құжаттық дәлелдемелерді кірістірген. Қазақстан-Қытай байланысын мемлекеттік деңгейде талдау елдер арасында түрлі байланысты орнатуға қызығушылық тудырады.

Бұл томда посткеңестік кезеңдегі қазақ-қытай қарым-қатынасының тарихына қатысты құжаттар ешқашан арнайы басылмағандықтары болған емес. Әртүрлі материалдардың басылғандары жиі кездейсоқ және таңдамалы сипатқа ие болды. Қытай туралы орасан зор жаһандық ақпарат болып табылатын бұл еңбек Аспанасти империясының халықаралық қауымдастықтағы орнын ұғынуды жүйелі түрде жүйелейді, нақтылайды және осы олқылықтың орнын толтырады.

Әлемде болып жатқан соңғы оқиғалар мен процестер аясында ғылыми әдебиеттерде еуропалық және америкалық ғылыми қауымдастық өкілдерінің қытай тарихы мен мәдениетін қамтуына қатысты қарама-қайшы пікірлер бар. Кейбір ғалымдар қытай мәдениетінің талғампаздығы, бірегейлігі мен байлығы туралы айтса, басқалары нағандық, ырымшылдық пен қатыгездіктің көріністерін атап өтеді.

Батыс өз мәдениетін біртұтас және даусыз эталон ретінде көрсетуге тырысып жатқан кезеңде басқа халықтар басып өткен тарихи-мәдени жолдың ерекшеліктерін ескерілмейді. Бақыт Рүстемов оқырманның шығармасын көршіге қатысты қате түсініктер мен теріс пікірлерді жеңуге көмектесетін шығарма жазды. Кітапта Қытай өркениетінің тарихи өткенін, әлеуметтік-экономикалық құрамдас бөлігін, моральдық-әлеуметтік негіздерін зерттеуге талпыныс жасалған.

Бүгінгі таңда бұл тәсіл көршімен берік өзара іс-қимыл орнатуда ерекше маңызға ие, өйткені тарихты, геосаясатты, ұлттық мәдениетті, экономиканы және ішкі саясатты зерттеу Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты орнатудың қажетті шарты болып табылады.

Қазіргі әлемде қалыптасқан жағдай әлемдік қоғамдастықтың Қытайдың жаһандық саяси жүйенің белсенді ойыншысына айналуына тез арада құбылысын зерттеу қажеттілігін түсінуге итермеледі.

Қазақ жазушы-зерттеушісінің орыс тілінде жазған кітабы Қытай туралы білімнің қажеттілігіне айналып, жер бетіндегі бейбітшілікті нығайтуда халықаралық ырыс-тілді дүниенің рухани өмірінің маңызды бөлігіне айналуына ықпал етеді.

Қазақ пен қытай мәдениетінің өзара байланысын зерттеудегі

АСПАНАСТЫ ЕЛ – ҰЛЫ ҚЫТАЙ: КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ БЕДЕРІНДЕ

ғылыми көзқарас әлемдік ғылым мен мәдениетті айтарлықтай байытқан байыпты да іргелі еңбектің туына әкелді.

Қытай саясатының, мәдениетінің, тарихының, дінінің, экономикасының мәнін терең білу, классикалық дереккөздермен танысу зерттеушінің деректік материалды, алдыңғы ұрпақ тәжірибесін мұқият талдаудың жоғары деңгейіне жетті деп айтуға мүмкіндік береді, замандастарының санасына әсер етеді.

Қытайдың көрікті жерлері туралы қызықты, танымдық мәліметтерді қамтитын бірінші тарауда мәдени мұра, өткен тарих, мемлекеттік құрылым көрініс тапқан.

Автор Қытай туралы теориялық білімін осы елге келіп, олардың мәдениетін, экономикасын, тарихын, саясатын, әлемдік экономикалық байланыстарын іс жүзінде зерттей отырып толықтырды. Қытайды аралау, халықтың мәдениетімен тереңірек танысу, фольклорды, әдебиетті, дінді және экономиканы зерттеу авторға қытай өмірінің жеткілікті көрінісін кеңінен көрсетуге мүмкіндік берді. Мұндай зерттеулер, бір жағынан, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды аша, екінші жағынан, зерттелетін елдің өзіндік, ұлттық ерекшелігін ашады.

Тәуелсіз инновацияны дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жемісі саналатын Айды зондтау жобасын жүзеге асыру туралы айтылады. Бұл жоба Қытай елінің адамзаттың ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта игеруіне және пайдалануына қосқан зор үлесін дәлелдейді.

Осы тарауда 2008 жылы Бейжінгеді Олимпиада және Паралимпиада ойындарын тамаша өткізгені туралы ақпарат берілген.

Кітап авторының назарын екі елдің білім, мәдениет, денсаулық сақтау, спорт, туризм, бұқаралық ақпарат құралдары салаларындағы ынтымақтастықты жалғастыруға дайындығы аударды.

Қытайдың ғылым, техника, экономика және саясаттың әртүрлі салаларындағы орасан зор серпілісі атап өтілді.

Бұл тарау Қытай өркениетінің бірегейлігін, оның мәдени мұрасын көрсетудің үлгісі болып табылады және оның рухани негіздерін ізгілендіруге бағытталған.

Екінші тарау екі мемлекет арасындағы достық, өзара көмек, ынтымақтастық және даму тарихының жаңа бетін ашқан байланыстар тарихына арналған. Қазақстан тарихындағы бұл кезең КСРО ыдырағаннан кейін басталды. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының тарихы тереңде. Бұл елдер әртүрлі саяси өзара

көлік-логистикалық қызмет көрсету салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайындығын ерекше атап өтуге болады. Автор Қазақстан мен Қытай арасындағы сыртқы сауда айналымының жалпы балансында қаржылық байланыстарды орнату мақсатында қаржылық саласындағы экономикалық байланыстарға назар аударады.

Аймақ тұрақтылығы үшін екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің маңызы аз емес екені айтылады. Сауда-экономикалық байланыстарды орнату сыртқы сауда айналымының әртүрлі баптары бойынша көрсеткіштердің өсуіне әкелді. Мәдени байланыстар тату көршілік ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Екі елдің географиялық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастыққа қатысты материалдар екі елдің сыртқы саясатында бұрыннан белгіленген басымдықтар ретінде қызықты ақпараттар жинағы болып табылады.

Жұмыста Қытайдың әлемдік жаһандық экономикаға интеграциялану мәселесіне арналған үшінші тарау материалдары ерекше орын алады. Қытайдың Ресеймен, АҚШ-пен, Латын Америкасы және Кариб бассейні елдерімен, Үндістанмен, Африкамен, Жапониямен, Кореямен және Орталық

құрып, өзін-өзі дамыту үшін максималды пайда табады, қиындықтарды жеңеді. Ал жаһандық экономикалық дағдарыс кезеңіндегі адамзаттың проблемалары, экономиканың жаһандануы дағдарыстардың жаһандануын да білдіреді деуге құқық береді, бұл дағдарыс құбылыстарының дүние жүзінде бірден дерлік таралуына әкеледі.

2008 жылғы дағдарыстың салдары туралы материалдар Қытай туралы түсініктерді қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Дағдарысқа қарсы шаралар кешені мен дағдарыс салдарын еңсеру жолдары туралы ұғымды «Әлемдік дағдарыс және оны еңсеру» атты төртінші тарауда ұсынылған құжаттардан алуға институттарын реформалау қажеттілігі мәселесіне көп көңіл бөлінді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) қызметі туралы бесінші тараудың деректі материалдары назар аударарлық. Бұған бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген ресми құжаттар, жеке мұрағаттар, сұхбаттар, мәлідемелер, хабарламалар, мәлідемелер, коммюникелер, көрнекті тұлғалардың баяндамалары кірді.

Ең алдымен, терроризмге, есірткі бизнесіне және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ШЫҰ мемлекеттері мен Ауғанстан Ислам Республикасының бірлескен шараларын атап өткен жөн.

ШЫҰ отырыстарында Қытайдың табиғаты мен географиясының мәселелері көтерілді. Траншекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану мәселесіне көп көңіл бөлінді. Сондай-ақ кітап авторы ШЫҰ Бас хатшысы Б.Нұрғалиевтің Арал проблемасын, оның халықтың генофондына, өсімдіктері мен фаунасына тигізетін әсері туралы сөз қозғаған баяндамасына жан-жақты және егжей-тегжейлі, олардың салдарын жеңілдету бойынша халықаралық ынтымақтастық шараларына тоқталды.

Ресей мен Қытайдың Орталық Азия елдерімен қоршаған ортаны қорғау, табиғи және техногендік апаттардың алдын алу бойынша ғылыми-техникалық ынтымақтастығы мәселесін ерекше атап өтуге болады. Осының барлығы осы елдердің ғалымдары мен мамандарының тікелей ғылыми-техникалық байланысына негіз болды.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу таңында орын алған оқиғалардың қатысушысы әрі куәгері болған Бақыт Рүстемов халықаралық маңызы бар құжаттар мен жеке бақылауларына сүйене отырып, олар туралы әңгімелейді. Ұзақ жылдар бойы еліміздің ішкі және сыртқы саясатын сараптайтын еліміздің жоғарғы саяси органында (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі) қызмет етті.

Жұмыста ұсынылған фотомұрағат бұл елдің ғарышты игеруде, спортта, құрылыс саласында, әскерді жабдықтауда қандай жетістіктерге жеткенін айқын көрсетеді. Бұл фактілер жоғары технологияларды игеріп жатқан Аспанасти елі империясының құдіретін бағалау үшін жаңа көрнекі материал береді. Нақты фотографиялық мұрағат материалдары Қытайдың сыртқы әлемге ашықтық саясатындағы орасан зор өзгерісін көрсетеді.

Бұл кітап оқырманға ежелгі өркениет туралы ақпаратты толықтыруға, қытайлық шындыққа енгуге мүмкіндік береді. Бақыт Рүстемовтің біз талдаған еңбегі осынау ғажайып елдің тарихына, мәдениетіне, экономикасы мен саясатына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналған. Онда ғалымдарды, саясаткерлерді, халықаралық экономистерді, зерттеушілерді, студенттерді және бизнесмендерді

қызықтыратын Қазақстан мен Қытайдың жаңа тарихы туралы білімдер жинағы бар. Қытайдың стратегиясын, Қытай билігін жан-жақты зерттеу нысанасы, онда қытай және қазақ деректерінен алынған мол фактілік материалдар қамтылған.

Қазіргі әлемде қалыптасқан жағдай әлемдік қоғамдастықтың Қытайдың жаһандық саяси жүйенің белсенді ойыншысына айналуын зерттеуі қажеттілігін түсінуге итермеледі.

Бақыт Рүстемовтің кітабы өзіндік ерекшелігімен, фактілердің түпнұсқада берілуімен ерекшеленеді және қазақ-қытай, басқа да халықаралық қатынастардың деңгейі туралы құнды мәліметтер береді. Кітапта жинақталған ақпарат Қытай туралы бұрыннан бар білімді толықтырып, қытай өркениеті туралы түсініктеріңізді кеңейтуге мүмкіндік береді және осы елге деген қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Жоғарыда аталған мәселелер қазіргі синологияға маңызды үлес қосты және ұзақ уақыт бойы мамандардың оған деген қызығушылығы болғанын көрсетті.

Көршілес екі елдің қарым-қатынасы қалай дамыды деген сауалды зерделеу үшін автор мол публицистикалық материалды пайдаланып, жүйелеп, тамаша басылм етіп оқырман назарына ұсынған.

Ең бай материалды негізге ала отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар тарихының жаңа кезеңінде үстемдік ететін дүниетанымдық көзқарасты басшылыққа ала отырып, шығарма авторы өзіндік туынды жасаған. Онда Қытайдың саяси жүйесі, Қытай өркениетінің дәстүрлі мәдениеті, Қытай қоғамының әлеуметтік құрылымы, идеологиялық жүйенің ерекшеліктері, халықаралық қаржы институттарын реформалау, сондай-ақ дағдарысты еңсеру үшін бірлескен шаралар жүйесін әзірлеу сияқты күрделі мәселелер қарастырылған.

Бақыт Рүстемовтің кітабы бұл жұмысты халықаралық орыстиді аудитория үшін практикалық және академиялық синологияны дамытудағы ерекше деп санауға негіз береді, жақын көрші туралы білімнің таралуына және Қытай өркениетінің феноменін түсінуге ықпал етеді.

Құжаттық дәлелдемелерді жүйелеу және жан-жақты талдау, Қазақстан мен Қытайдың тату көршілігі мен ынтымақтастығын нығайту жөніндегі саясатының ұстанымы қазақстандық зерттеуші еңбегінің қазіргі ғылымды дамытудағы зор және маңызды мәні туралы айтуға негіз болады.

Қазақстандық зерттеуші Бақыт Рүстемовтің іргелі еңбегі – жауапты дүние. Кітап Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестікті эволюциялық тұрғыдан бейнелейді, екі жақты қарым-қатынастағы ұлы істер туралы айтады. Кітаптан екі мемлекет үшін олардың сыртқы саясатындағы саяси да, экономикалық та стратегиялардың маңызы зор екенін көреміз. Шығарма оқырманға Қазақстан да, Қытай да мүдделі көрші екенін аңғартады. Бұл кітап Қытай туралы білім алуға арналған бірегей еңбектердің бірі болмақ. Бір қызығы, мемлекеттер мен олардың қарым-қатынасы туралы кітаптардың көпшілігі негізінен бірнеше авторлардың бірлескен авторлығымен жазылса, бұл шығарманы бір адам жазған.

Біз талдап отырған еңбек, сайып келгенде, қазақ-қытай дипломатия тарихынан сыр шертетін дүние, екі синологтар үшін анықтамалық кітапқа айналады.

Эльмира ОМАРШАЕВА,
профессор, филология ғылымдарының докторы
Махачкала, Дағыстан Республикасы,
Ресей Федерациясы



Қытай бізге ерекше саяси бағыты бар, тілі күрделі, асханасы ерекше, экономикасы дамыған ел ретінде таныс. Бәлкім, біздің Қытай туралы біліміміз осы жерде аяқталды.

Қытай мәдениеті әлемдік рухани құндылықтардың дамуына зор үлес қосты.

Кітапта Қытай өркениетінің діни-философиялық ілімдері мәселесіне көп көңіл бөлінген. Қытайдың діни ілімдері туралы бай ақпарат бұл кітапты қалың жұртшылық үшін тартымды етеді. Қытайлықтардың діни дәстүрлері туралы ғылыми білімдер, авторының жеке бақылауы қытайлық діни ілімдерге тән қасиет неде екенін, онда рухани-адамгершілік бастаулардың қандай орын алатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, даосизмнің ежелгі алғашқы – қытайлық діни-философиялық бағытының бастаулары туралы айтылады.

Автор маозизмнің діни-философиялық іліміне тән белгілер мәселесін зерттеуге көп көңіл бөліп, ойдың теңдессіз гүлдену дәуірі болып табылатын конфуцийшілдікті жан-жақты талдаған. Конфуций ілімінің жалпы мәдени мәні мен оның империялық Қытайдың саясаты мен заңнамасына әсері көрсетілген.

Цинь билігі кезіндегі легализм дінінің негіздері сипатталады. Бақыт Рүстемовтің аузында мемлекеттік дін Буддизмнің сипаттамасына мұқият көңіл бөлерліктей қызықты.

Қытайдың ғарышты игерудегі орасан зор жоспарлары танымдық қызығушылықты тудырады.

байланысу кезеңдерін бастан өткерді – жаулық қарым-қатынастар, бір-бірін түсінбеушілік, аумақтық даулар, соғыстар және т. б. Жаулап алу жорықтары қантөгісті тудырды.

Бірақ қарым-қатынастың тағы бір бейбіт формасы болды – бейбіт үдерістерді орнатуда басты рөлге ие болған сауда. Мұнда, атап айтқанда, Орталық Азия елдерін Қытаймен, ал жаһандық деңгейде Еуропаны Азиямен байланыстыратын Ұлы Жібек жолы ерекше орын алады.

Тарихтың ең жаңа кезеңінде Қазақстан қазақ-қытай қарым-қатынастарын кеңейтуде үлкен секіріс жасауда. Бұл қарым-қатынастардың құжаттық дәлелі Қазақстан Үкіметі мен Қытай Үкіметінің бірлескен коммюникесі болып табылады. Бұл құжат – стратегиялық серіктестікте өзара мүдделі аймақтық және жаһандық мәселелер бойынша ортақ түсіністікке қол жеткізудің дәлелі.

Біздің назарымызға ұсынылған Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас кезеңі дипломатиялық қарым-қатынастардың жоғары деңгейде қаныққан-дүғымен ерекшеленеді. Бұл мүмкіндік екі ел арасындағы қарым-қатынастың барлық спектрін зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл тарау деректі дәлелдерге, оқырманға Қытайдың өзі туралы кең түсінік беретін қызықты әңгімелерге толы.

Екі елдің мұнай-химия, металлургия, құрылыс, машина жасау, тоқыма және тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, байланыс,

№73 (4506) 22/06/2023 Бейсенбі

БАС ҚАЛАНЫ ЖЫРҒА ҚОСТЫ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорданың 25 жылдық мерейтойына арналған «Жасай бер, жайнай бер, Астана!» республикалық мүшәйра жеңімпаздары анықталды. Ақындар аламанына еліміздің әр аймағынан белгілі жыр жүйріктері бастап, жас талапкерлер қостап 100-ден аса ақын қатысты.



Мүшәйраға түскен шығармалардың ішінде көлемді дастандар да болды. Конкурс шартында поэма болмағандықтан, бұл шығармалар қазылар алқасының талқысына ұсынылмады. Белгілі қаламгерлерден құралған қазылар алқасы шығармаларды сұрыптай келе 12 ақынға бәйге берді.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қаласы филиалының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы, белгілі ақын, Мәдениет қайраткері Сұраған Рахметұлы,

филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып, жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Аупбаев болды.

Бас бәйге «Астананың аспаны» атты топтама өлеңдері үшін көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбайға берілді. Бірінші орынды жас



ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Арман Шеризаттың «Азаттық мұнарасы» атты өлеңі алды. Екінші екі орынның бірі Мұрат Шаймаранның «Топырақ» атты топтама өлеңдеріне, екіншісі «Тәуелсіздік көшесінің тұрғыны» өлеңі үшін белгілі ақын, республикалық «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлының қанжығасына байланды. Үшінші үш орын белгілі ақындар Дүкен Мәсімханұлының «Астанам – менің айбыным» өлеңдер топтамасына, Елена Әбдіхалықованың «Астана. Бастау» өлеңдер топтамасына, Әбдігани Бәзілханның «Бөгенбайдың Қараөткелі» толғауына берілді.

Бес ынталандыру сыйлығы Шырын Толқынова (Алматы облысы), Ұларбек Нұрғалым (Астана), Назгүл Бердіқожа (Қызылорда), Бақытжан Раисова (Өскемен), Бағдат Мүбәрак (Алматы) қатарлы ақындарға бұйырды.

Марапаттау салтанаты 27 маусым күні Астана қаласында өтеді.

КЕНЕН ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Бас қалада халық ақыны, жырау, әнші-композитор Кенен Әзірбаевтың ескерткіш-мүсінінің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға академик, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мырзатай Жолдасбеков, белгілі қаламгер, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанұлы, ақынның ұрпақтары Бақытжан Кененұлы мен қызы Төрткен Кененқызы қатысты.

Ақын атындағы көше бойында бой көтерген ескерткіш оның туған күніне орайластырылды. Мүсінді Мырзатай Жолдасбеков пен Төрткен Кененқызы таныстырып, лентасын қиды. Жиын барысында Уәлихан Қалижанұлы сөз сөйлеп, ақынның телегей мұрасының маңызы жөнінде айтып өтті. А.Жұбанов атындағы музыкалық мектептің директоры, күйші Нұркен Әшіров ақынға арнап шығарған «Көкшолақ» күйін орындаса, танымал жас талант Ержан Максим композитордың «Шырқа, дауысым» әнін орындады.

– Мүсінге кіріспес бұрын Кенен Әзірбаевтың шығармашылығын жан-жақты жинақтап, тереңірек танысуға мүмкіндік алдым. Өндерін тыңдап, өлеңдерін оқыдым. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 3,2 метр, ал ені – 70 сантиметр.



Атамыздың мүсінін жасауға екі ай уақыт жұмсадым, – деді ескерткіштің авторы, мүсінші Ринат Әбенев.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«ОПЕРАЛИЯ» ФЕСТИВАЛІ ШАҚЫРАДЫ

Жылдағы дәстүр бойынша Астана күні қарсаңында «Опералия» халықаралық фестивалі басталды. Биыл он сегізінші рет ұйымдастырылған фестиваль аясында бір ай бойы әлемдік музыканың танымал жұлдыздары елордадағы «Астана Опера» театрында өнер көрсетеді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Алғашқы күннің ауқымы кең, өте қызықты болды – қызыл кілемдегі танымал тұлғалар, фойдегі перформанс және заманымыздың атақты хореографы Иржи Килиан спектакльдерінің жұлдызды шеруі бір күнде, бір сахнада ұсынылды.

Фестиваль биыл «Астана Операның» оныншы мерейтойлық маусымында өткізілуде. Жыл сайын фестивальдің тақырыбы өзгеріп, жарқын, қайталанбас бояулар қосылады. «Опералия-2023» фестивалінің ерекшелігі кең ауқымдылығында жатыр, ол опера, балет, симфониялық және концерттік тәрізді түрлі музыкалық жанрларда ұсынылған заманауи және классикалық өнерді қамтып отыр. «Күлше қыз», «Қалқаман-Мамыр», «Кіші өлім», «Етік киген мысық» – «Астана Операның» осы маусымдағы премьералары. Театрдың бас дирижері – Алан Бөрібаев. Балеттің жетекші солисі – Мәдина Өнербаева.

28 маусымда К.Байсейітова атындағы камералық залда Президент оркестрі халық музыкасы ансамблінің «Серпін» атты концерті өтеді. Бағдарламада Қазақстан композиторларының күйлері мен әндері, сондай-ақ әлемдік классикалық репертуардан туындылар ұсынылады. 29-30 маусымда Дж.Россинидің «Алжирдегі италиялық қыз»



операсының премьерасы өтеді. Бұл спектакльді театрдың және «Астана Опера» академиясының солистері дайындауда. Оның қоюшы-дирижері – Р.Баймурзин, қоюшы-режиссері – Е.Тойкенов. Әртістермен вокал бойынша шақырылған коуч Алла Симонишвили жұмыс істеді. 29 маусымда сахнаға

Изабелланың партиясында Италиядан шақырылған солист Лаура Веррекция шығады. 30 маусымда фестивальға арнайы шақырылған дирижер Джузеппе Аквавива өнер көрсетеді, ол да бізге Италиядан келді.

Биыл ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Опералияға» Ар-

мения, Қазақстан, Италия, Болгария, Моңғолия, Қытай, Оңтүстік Корея, Германия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан секілді әлемнің 12 елінен шақырылған әртістер мен дирижерлер қатысады.

Жалпы, фестивальде 4 гранд-опера көрсетіледі, олар – Дж.Вердидің «Дон Карлосы» және «Андасы», Дж.Россинидің «Алжирдегі италиялық қыз» операсының премьерасы, Дж.Пуччинидің «Турандоты». Әр опера солистердің түрлі құрамымен екі реттен орындалатыны өте қызықты.

Сондай-ақ көпшіліктің назарына 2 балет ұсынылады, олар – Р.Ребектің хореографиясындағы С.Прокофьевтің «Күлбике» қойылымы мен «И.Килианның балет кештері». Бұдан бөлек, ҚР Президент оркестрі халық музыка ансамблінің «Серпін» музыкалық кеші, ШЫҰ елдерінен шақырылған солистердің қатысуымен өтетін гала-опера, «Жылдың он екі мезгілі» камералық музыка концерті секілді көрермендерге барлығы 4 концерт ұсынылады. «Опералия» мен «Астана Операның» Х мерейтойлық маусымының жабылуына орай симфониялық концерт Астанадағы әдемі мәдени кештерді, елордадағы өнер мерекесін қорытындылайды. Тамаша кеште алғаш рет А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанованың «Құрманғазы» операсынан алынған тақырыптарға симфониялық сюита шырқалады.



ЕСКІ ӘНДЕР ЖАҢАША ЕСТІЛДІ

Елорданың 25 жылдығына орай «Esil Music Time» атауымен ашық аспан астында фестиваль өтті. Концерт барысында тәуелсіздік жылдарында жазылған хит әндер музыкалық жаңа формада берілді.

Фестивальдің мақсаты – қазақтың ескі әндеріне жаңа дем беру, халықтың құлағына сіңген сүйікті әндермен әдемі әсер және ерекше көңіл күй сыйлау. Өнер туындылары арқылы қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, қазақ тіліне деген құрметті әндер арқылы ояту.

Фестиваль қатысушылары қазақтың белгілі композиторларының шығармаларына жаңа

өмір беруге тырысып, жаңа заманауи нұсқада ұсынды. Атап айтқанда, Ескендір Хасанғалиевтің «Бозторғай» әні, «МузАрт» тобының репертуарындағы, басқа да танымал әндер шырқалды.

Кеште Бейбіт Қорған, Әлішер Кәрімов, Қазыбек Құрайыш, Еркеш Хасен, Мархаба Сәби, Әміре, Ayree, Sadraddin, Qanay, Kalifarniya, Rau, «Домино» тобы, Дильназ Ахмадиева, т. б. белгілі эстрада әншілері өнер көрсетті.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №73

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА